



Шымкент қаласының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 1 тамыздағы № 1417 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 тамызда № 29051 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 2849 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 21.12.2023 № 2849 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 3-тармағының 7-1) тармақшасы және 62 бабының 6 тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласының әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 1 тамыздағы
№ 1417 Қаулысына қосымша

Шымкент қаласының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

	Шымкент қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы	Бір тәрбиеленушіге бір күнге ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге) (арнайы мектепке дейінгі ұйымдар мен
	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	

№	ұйымдарындағы тәрбиеленушілер саны		Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құнының бір айдағы мөлшері (теңге)				коррекциялық топтарын қоспағанда)	
	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым	Жекеменшік мектепке дейінгі ұйым	Мектепке дейінгі ұйымдағы жалпы дамыту топтары (10,5-сағаттық режимдегі топ)	Мектепке дейінгі ұйымдағы жалпы дамыту топтары (толық емес күн болатын топтар)	Мектепке дейінгі ұйымдағы санаторлық топтары (10,5-сағаттық режимдегі топ)	Мектепке дейінгі ұйымдағы коррекциялық топтары (10,5-сағаттық режимдегі топ)	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым мен мемлекеттік тапсырыс орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйым (жас ерекшелігіне қарай)	
							3 жасқа дейін	3-7 жас
1	19506	47636	41197	17215	61519	73798	544,58	686,04

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК